

## Конфликтология және «Медиация туралы» Заңы

Сымбат Е. Шакиров<sup>1</sup>, Асан А. Амангельдиев<sup>2</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор:

E-mail: simba\_004@mail.ru

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0002-8354-5844>

<sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0001-9257-1609>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-237-251>

**Аңдатпа.** *Үдемелі өзгеріп отырған әлемдегі заманауи үрдістер шиеленіс әлеуеті бар оқиғаларды өрбітуде. Бұл жалпы адамзаттың одан әрі даму мүмкіндіктерінде, сондай-ақ жекелеген мемлекеттер мен әлеуметтік топтарға елеулі әсер етеді. Әлеуметтік алауыздық, нәсілдік және этникалық төзбеушілік, террор сияқты құбылыстар көп жағдайда қайғылы әлеуметтік және ұлтаралық қақтығыстарға ұласып, бітімгершілік институтын дамыту қажеттілігін өзектендіреді.*

*2021 жылдың қазан айында Қазақстан халқы Ассамблеясының отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық-құқықтық институттардың, атап айтқанда медиацияның мүмкіндіктерін барынша қолдану қажеттігін атап өткен болатын. Келесі маңызды міндет ретінде Мемлекет басшысы «біздің жағдайымызда кәсіби келіссөз жүргізушілердің форматы этномедиация үшін ең тиімді болып табылатынын» атап өтті.*

*Өткен жылдың қаңтар айындағы оқиға бірқатар әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде кедейлер мен байлар арасындағы алшақтықты айқын көрсетті. Мемлекет басшысы өз баяндамасында: «Ел өзгерді, сонымен қатар қазақстандықтардың билікке, экономикалық жүйеге және жалпы өмірге деген көзқарасы да өзгерді. Ал қазір бүкіл қоғамдық құрылымды терең өзгертудің стратегиялық міндеті тұр» – деп айрықша атап өтті.*

*Қазіргі таңда шетелдік және отандық сарапшылардың дискурстарында әлеуметтік қақтығыстардың өршуі арқылы әлемдік даму мәселелері туралы сұрақтар жиі көтеріледі. Осыны негізге ала отырып, нақты реформалар қазіргі қазақстандықтардың қауіпсіздік мүдделерін қанағаттандыруға ықпал етуі тиіс деп санаймыз. Ол үшін Қазақстанның әлеуметтік-мәдени өмірінде бітімгершілік (медиация) институтын одан әрі қалыптастыру және жүйелеу қажет.*

**Түйін сөздер:** *медиация; медиатор; конфликт; конфликтогендік; конфликтология, татуласу; бітімгер, заң, судья, сот.*

Received 22 January 2023. Revised 25 January 2023. Accepted 31 January 2023. Available online 30 March 2023.

For citation:

Shakirov S.E., Amangeldiyev A.A. Conflictology and the Law «On Mediation» // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 142. – No. 1. – С. 237-251. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-237-251>

Для цитирования:

Шакиров С.Е., Амангельдиев А.А. Конфликтология и Закон «О Медиации» // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 142. – No. 1. – С. 237-251. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-237-251>

## Кіріспе

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап жаһандану үдерістері елімізді үнемі жаңа мәдени деңгейге көтеріп келеді. Отандық ғалымдар З.Н.Исмагамбетова мен А.Г. Карабаева атап өткендей «бұл орын алған жағдайларға барынша бейімделіп, тез әрекет ету қабілетін, әлеуметтік өмірдегі, мәдениетаралық қатынастардағы және күнделікті өмірдегі күтпеген оқиғаларда қарқынды өзгерістер мен трансформацияға дайын болуға ынталандырады. Бұл симуляциялық шындық бұқаралық және ақпараттық мәдениеттің әсерінен қалыптасады. Мұның нәтижесі қақтығыс стратегиясын жоққа шығаратын, оның орнына мәдениетаралық диалог стратегиясын ұсынатын мәдени трансформациялардың көпвекторлы сипаты болып табылады» (Исмагамбетова, Карабаева, 2016: 98-103).

Алайда жаһанданудың дамуы өркениеттер арасындағы қақтығыс үдерісін тек шиеленістіреді. Сонымен қатар, өркениеттер арасындағы қақтығыстар туралы айтпағанда, біз ең алдымен ішкі әлеуметтік мәселелерге, адамдардың наразылықтарына, көңіл-күйлеріне назар аударуымыз керек. Себебі, олар этносаралық, дінаралық және т.б. қақтығыстарға әкелуі әбден мүмкін.

Этносаралық бейбітшілік пен түрлі халықтар өкілдерінің бір аумақта қатар өмір сүру мәселесіне, оны әртүрлі бірегейлік өкілдері арасындағы интегралды диалог тетіктері арқылы қақтығыссыз шешуге басымдық беру – ортақ құндылықтарды табудың бірден-бір міндеті болып табылады.

## Материалдар мен зерттеу әдістері

Қазақстандық қоғам мен ғылыми қауымдастықтың алдына қақтығыстардың алдын алу, реттеу және шешуге баса назар аударатын жаңа стратегиялық міндеттер қойылды. Қақтығыстарды зерттеудің маңызды факторы олардың қоғамдық өмірдің барлық салаларында пайда болуы болып табылады. Қақтығыстар адамзаттың өмір

сүруіне шынымен қауіп төндіруде. Ғылыми әлемде қақтығыстардың ашық, қарулы түрлерін алдын алу, оларды басқару, сондай-ақ бейбіт жолмен шешу негізгі зерттеудің бірі болып табылады. Осыған орай, ғылыми зерттеулердің дербес саласы қалыптаса бастады. Кәсіби қақтығысу мамандарының көпшілігі ашық қақтығыстарды алдын-алу ретінде көптеген наразылық тудыратын жағдайларды тез және тиімді түрде шешуге бейім болып келеді. Конфликтологияны және оның қақтығыстардың алдына алумен шешудегі рөлін зерттеу қажеттілігі қазіргі шындыққа негізделген, қақтығыстар көбінесе бейбіт жолмен шешіле алады. Бұл тәсіл ғылыми және практикалық зерттеулерге негізделген. Сондықтан бүгінгі күні және келешекте жалпы әлемдік тәжірибеден едәуір артта қалған Қазақстандағы қақтығыстарды алдын алу, реттеу, шешу және трансформациялау мәселелері өзекті болып тұр. Конфликтология революциялық өзгерістер парадигмасын және мәселелерді күшпен шешуді қабылдамайды.

Қақтығыстардың пайда болуының, дамуының және аяқталуының көздері мен заңдылықтары туралы әдіснамалық және қолданбалы білімді дамыту өте қажетті болып табылады. Қоғам алдына қойылған бұл міндеттердің өзектілігі қазақстандық конфликтологияның жалпы жай-күйімен, қақтығысты әлеуметтік-мәдени талдау әдіснамасын құру қажеттілігімен алдын ала айқындалған, өйткені қақтығыстардың алдын алу мәдениетін қалыптастыру кез келген қақтығысты жағдайларды ойдағыдай реттеуге мүмкіндік береді.

## Талқылау

Қазақстан қазіргі өркениеттік кезеңде тәуелсіз ел ретінде өмір сүре отырып, қазіргі заманғы елдердің көпшілігіне тән түрлі салаларда туындайтын мәселелердің бірдейлігін айқын көрсетті. Осыған орай, өркениетті елдердің жинаған тәжірибелері мен қақтығыстарын шешу жолдарына жүгіну өте орынды болып табылады (Шакиров, 2018: 96-108).

Сондықтан көптеген даулы мәселелерді шешуде бітімгершілік қызметтердің басқа түрлерін мемлекеттік сот ісін жүргізуде қолдану өте ұтымды және тиімді болды. Бұл қызметтердің қолданылу аясы қарқынды дами бастады. Енді мемлекеттердің өзі медиацияны қылмыстық құқық бұзушылықтарды реттеу саласына тікелей қоса отырып, бітімгершілік институттың кішігірім түрлерін дамытуға ықпал ете бастады (Шакиров, 2018: 56-58).

Қазақстанда «Медиация туралы» заң жарыққа шыққаннан кейін медиация туралы ашық айтыла бастады. Онда нақты аймағы анықталған және оны қолданудың мүмкіндіктері көрсетілген. «Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар), және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады» (Закон «О медиации», 2011).

Заңның қолданылу аясынан мынадай жанжалдар мен даулар алынып тасталған:

- медиация рәсіміне қатыспайтын үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғайтын даулар;

- тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын даулар мен жанжалдар;

- сыбайлас жемқорлық қылмыстар және Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылса да, дау медиацияға жатқызылмайды және бұл сұрақ ашық күйінде қалып отыр.

Басқаша айтқанда, медиация құқықтық дауларға қолданылады, бұл оның әрекет ету аясын тарылтады және оны іс жүзінде сот медиациясымен теңестіреді (Дронзина, 2015: 92).

Дегенмен, 2011 жылы қабылданған бұл заң қазақстандық қоғамға дауларды шешудің балама жүйесінің жаңа құралын, медиация ұғымын алып келді.

Медиацияның мақсаттары мыналар болып табылады:

- 1) дауды (қақтығысты) шешудің медиация тараптарын қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу;

- 2) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Қазақстан заңнамасы бойынша медиацияның негізгі қағидаттары:

1. Еріктілік («Медиация туралы» ҚР Заңының 5-бабы).

2. Медиация тараптарының тең құқылығы («Медиация туралы» ҚР Заңының 6-бабы).

3. Медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы («Медиация туралы» ҚР Заңының 7-бабы).

4. Медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік («Медиация туралы» ҚР Заңының 7-бабы).

5. Құпиялық («Медиация туралы» ҚР Заңының 8-бабы).

Медиация әдістерінегізіненынтымақтастық бағытында келіссөздер жүргізуге негізделген.

Қазіргі уақытта медиация бойынша бірнеше арнайы құқықтық актілер бар. Медиация туралы үлгілік заңды Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы әзірледі. Бұл заң 2002 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен ұсынылған және медиация институтын дамыту үшін маңызды. Үлгілік заң бірінші кезекте бітімгердің қатысуымен халықаралық коммерциялық қатынастарда дауларды соттан тыс шешу рәсімдерін қолдануға бағытталған. Үлгілік заң халықаралық коммерциялық дауларды реттеуге арналған болса да, мемлекеттер ішкі дауларды, соның ішінде кейбір коммерциялық емес дауларды

қамту үшін комиссия оның қолданылу аясын кеңейте алатынын атап өтеді.

Еуропалық комиссия Медиатор кодексін бекітті. Еуропалық кодексті (European Code of Conduct for Mediators) Еуропалық комиссияның қолдауымен дауларды шешудің балама әдістерімен айналысатын 30-дан астам Еуропалық ұйымдардың өкілі болып табылатын медиаторлардың (бітімгерлердің) бастамашыл тобы әзірледі және 2004 жылдың 2 маусымында Брюссельде өткен конференцияда қабылданды.

Еуроодақ медиаторлардың қызметін реттейтін бірқатар директивалар әзірледі. 2008 жылы «Азаматтық және коммерциялық мәселелердегі медиацияның кейбір аспектілері бойынша Еуропалық директива» күшіне енді (Директива Европейского парламента и Совета Европейского Союза, 2008).

Түрлі елдерде медиацияны зерттеуге немесе қолдануға мамандандырылған бірқатар халықаралық және ұлттық құрылымдар қызмет етеді. Ең танымалдарына мыналар жатады: Лондон халықаралық аралық соты, Американдық төрелік қауымдастығы, Стокгольм қаласы Сауда Палатасының медиация институты, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының төрелік және медиация орталығы. Бұл халықаралық құжаттар (Еуропа кеңесі, БҰҰ мағлұмдамасы және қарары) заңнамалық деңгейде медиативті технологияларды тәжірибеде енгізудің негізі болып табылады.

Қазақстанда медиация түсінігі тек жанжалды жағдайлар барысында ғана қолданылып жүр. Медиация заңнамада, сот ісін жүргізуде және құқық қолдану тәжірибесінде көрсетілген. 2011 жылы республикада дауларды сотқа дейін шешудің әлемдік тәжірибесін жинақтаған «Медиация туралы» заң қабылданды. Алайда, Қазақстанда бітімгершілік (медиация) институтының дамуы ғылым ретінде конфликтологияның ғылым ретінде қабылдай алмай өзінің бірегей жолымен жүрді.

Шынында да, бұл тұрғыда конфликтологияның ғылыми рефлексия

ретінде заңдылыққа сай дамуын атап өту керек. Оның пәнаралық сипаты көптеген әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың назарын аудартады. Конфликтология оның мазмұнына сәйкес құралдар мен әдістерді қолдана отырып жүйелі және жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Жалпы, конфликтология қақтығысты қоғамның барлық салаларын қамтитын негізгі мәселелердің бірі ретінде зерттейді. Бірақ, соған қарамастан, қақтығыстарды зерттеу әлі де өте өзекті болып қала береді, өйткені олардың психологиялық мәні көбінесе саяси реңкке ие болады (Шакиров, Дронзина, 2019: 122-128).

Конфликтология Қазақстанда ғылым ретінде жаңалық болып саналмайды. Өйткені Қазақстан АҚШ, Еуропа және Ресей ғалымдарымен өте тығыз байланыста жұмыс жасайды. Алайда, Қазақстанда жергілікті халықтың өзгешеліктері мен менталитетіне сәйкес келетін конфликтологиялық теория жоқ. Демек, қазақстандық қоғам үшін конфликтолог және медиатор сияқты салыстырмалы түрде жаңа мамандықтардың қалыптасуы да, енгізілуі де шынайылықпен байланысады. Бірақ бұл жерде медиаторлардың белгілі бір үлесі өздерін конфликтолог деп санайтынын атап өткен жөн. Бұл конфликтологтың да, медиатордың да нақты кәсіби қызметтеріндегі айырмашылығы туралы сұрақ тудырады. Бұл олардың кәсіби оқыту саласы мен кәсіби стандарттарына қойылатын талаптары болып саналады. Егер жанжалды жағдайлардың алдын алу туралы айтатын болсақ, қазіргі Қазақстанда наразылық білдірудің институционалдық мүмкіндіктерін ашық заңды түрде қалыптастыру қажеттілігі туралы мәселе қою керек, бұл мемлекеттік жүйеге ықтимал жанжалды жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, конфликтология бойынша отандық әдебиеттерде заңгердің, соттың (төрешінің), медиатордың (бітімгер), келіссөз жүргізушінің, конфликтологтың, психологтың, қақтығыс менеджерінің қызметін анықтауда әртүрлі позицияларды кездестіруге болады. Олардың міндеттері

бір-біріне сәйкес келеді және ерекшеленеді. Осыған байланысты көпжылдық пікірталастар мамандардың (теоретиктер де, практиктер де) жанжалды шешу барысында рөлі мен орны туралы нақты және түсінікті ұғымның болмауының нәтижесін көрсетеді. Сондай-ақ, қазір Қазақстанда біз үшін медиация сияқты жаңа бағытқа көп көңіл бөлініп жатқаны да маңызды. Бірақ, өкінішке орай, конфликтологияның ғылыми деректері мен ережелері ескерілмейді (Шакиров, 2020: 108-117).

Қазіргі қазақстандық қоғамда болатын қақтығыстар өтпелі жағдаймен және қайшылықтармен байланысты екені анық. Сонымен, жаңа әлеуметтік топтардың, кәсіпкерлер мен меншік иелері тобының пайда болуы, қоғамның жіктелуіндегі теңсіздіктің күшеюі жаңа қайшылықтардың туындауына негіз болады. Қоғамда меншіктен де, биліктен де алшақтатылған жаңа меншік иелері мен көп халықтың арасында әлеуметтік қайшылық қалыптаса бастады. Жаппай тұрмыстық сана мен жаңа мәдениет, әлеуметтік қатынастар арасындағы қайшылықты еңсеруге тікелей бітімгершілік институты (медиация) ықпал ете алады.

Осылайша, медиацияның стратегиялық мақсатын қоғамдағы әртүрлі қақтығыстарды шешу үшін әлеуметтік ортаны қалыптастыру ретінде қарастыруға болады, ал оның міндеті қақтығыстарды соттан тыс және сотқа дейін шешу болып табылады.

Осының негізінде медиацияны пәнаралық зерттеу пәніне айналдыру керек. «Медиация» ұғымының көпсалалыдан пәнаралыққа ауысуы қоғамдағы медиация үдерістерін дамыту мәселесінің жаңа қырларын ашады. Атап айтқанда, медиацияның әлеуметтік-құқықтық институт ретінде дамуы, оның мәдениетті өзгерту логикасы ретінде дамуын қажет екендігін айқын көрсетеді» (Яркова, 2018: 40-54).

Сонымен қатар, конфликтологияда қақтығыстың үш деңгейі ерекшеленеді, олардың жіктелуі қақтығыс жағдайының аумақтық ауқымы мен шекараларына негізделген. Сонымен, бастапқы

микродеңгейде ішкі тұлғалық, тұлғааралық және топаралық қақтығыстар біріктірілген. Мезодеңгей – ұйымдар мен аймақтар арасындағы қақтығыстарды біріктірсе, макродеңгей – мемлекеттер арасындағы қақтығыстар және өркениеттер қақтығысын біріктіреді. Отандық зерттеушілердің медиация бойынша еңбектерін қарастыра отырып, Қазақстандық медиаторлар әдетте микродеңгейде жұмыс істейтінін атап өткен жөн. Бұл ретте, егер конфликтолог қақтығысты бастапқы кезеңде білу мен қайшылықтарды анықтау, қақтығыстағы құрылымдық үдерісті өзектендіру, қақтығысты дамытудың ықтимал жолдарын модельдеу, оның деструктивті және құрылымдық жақтарын анықтау, қақтығыстың деструктивті нысандарын оқшаулау технологиясын әзірлеу үшін кәсіби құралдарды қолдануы тиіс болса, медиация міндеттеріне қақтығыспен жұмыс істеудің жоғарыда аталған құралдары кірмейді.

Медиация – бұл келіспеушіліктерге, нәтижесінде қақтығыстың өзіне тікелей жауап беру тәсілі. Медиация дауды жеңілген тарап болмайтындай етіп шешуге мүмкіндік береді. Құқықтық істерді шешудің қазіргі үрдістері және азаматтық (кең мағынада) дауларды реттеудің жеке құқықтық тетіктерінің маңыздылығының артуы юрисдикциялық және юрисдикциядан тыс ішкі жүйелерден тұратын құқықтық дауларды шешу мен реттеудің бірыңғай жүйесін доктриналық әзірлеу қажеттілігін талап етеді. Осы тәсіл аясында медиацияны юрисдикциядан тыс ішкі жүйеге құқықтық дауларды реттеудің дербес тәсілі ретінде жатқызған жөн, ол тараптарға құқықтық дауды реттеу шарттарын талқылауға және өзара тиімді шешім қабылдауға жәрдемдесетін бейтарап бітімгердің (медиатордың) қатысуымен ұйымдастырылған рәсімі болып табылады. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы медиацияны құқықтық дауларды реттеу жөніндегі кәсіби қызметтің дербес түрі ретінде реттейді, яғни жеке модельге жатады. Бұл заң медиация туралы жалпы ережелерді юрисдикциядан тыс рәсім ретінде реттейді, қағидаттарды,

құқықтық кепілдіктерді белгілейді, медиация арқылы дауларды реттеуге көмектесетін медиаторлар мен медиатор ұйымдарына қойылатын талаптарды реттейді. Сот медиациясын әдетте істі қозғағаннан кейін және іс жүргізуде азаматтық іс бойынша жүргізілетін қақтығысты реттеу рәсімін қарастырады. Рәсімді жүргізетін адамға байланысты сот медиациясының жеке немесе «жақын» және «біріктірілген» үлгілері бар (Закон «О медиации», 2011).

Бірінші жағдайда, «жақын» голланд үлгісі бойынша медиацияны, әдетте, сот ғимаратынан тыс жерде жұмыс істейтін кәсіби медиатор жүзеге асырады деп болжайды. Бұл модельдің «жақын» деп аталуының себебі, онда сот ісінің процедурасына қатысты үшінші тарап болып табылады, бірақ оған тікелей байланысты болады. Себебі медиацияны жүргізу кезінде сот күту позициясын ұстанады және татуластыру рәсімінің нәтижелерін алғанға дейін одан әрі іс жүргізу әрекеттерін жасауды кейінге қалдырады. Төреші мен тәуелсіз медиатордың өзара әрекеттесуі айқын көрінетін рәсімнің бұл түрі қазіргі уақытта Нидерландыда кең таралған. Осыған байланысты сот пен медиатор арасындағы қарым-қатынасты орнатудың бұл тәсілін голландық үлгі деп атаған дұрыс.

Біріктірілген сот медиациясы рәсімді сот қызметкерлерінің бірі, әдетте, арнайы дайындалған судьяның жүргізуін қарастырады. Бұл ретте іс бойынша сот талқылауы да тоқтатыла тұрады, бірақ медиация сот ғимаратында жүргізіледі, ал тараптар дауды реттеу туралы келісім жасасқан жағдайда оны судья-медиатор бітімгершілік келісім ретінде дереу хаттамалайды. Бұл үлгі дауларды сот жүйесі шеңберінде тікелей ұсынған кезде сот әдістеріне қатысты дауларды шешудің баламалы әдістерін дамытуға институционалдық көзқарасты барынша толық көрсетеді. Осылайша, әртүрлі елдерде қолданылатын сот медиациясының екі түрлі үлгісі бар, оларды голланд (жақын) және неміс (біріктірілген) деп атайық. Голландық үлгі 90-жылдары жүргізілген сот медиациясын енгізу және дамыту бойынша құқықтық

эксперименттер барысында әзірленді. XX ғасыр да мемлекеттік сот пен жеке тәжірибемен шұғылданушы медиатордың өзара әрекетін болжайды. Голландық үлгіде бұл мәселе мемлекеттік соттар мен Нидерланд медиация институты арасындағы өзара әрекеттестікті орнату арқылы шешілді. Бұл үлгінің мақсаты – медиация туралы ақпаратты тарату, оны қолдану практикасын кеңейту, сондай-ақ сапалы қызмет көрсетуге кепілдік беретін стандарттар мен ережелерді әзірлеу. Яғни, жоғарыда айтылғандар Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы голланд үлгісіне сәйкес әзірленгенін көрсетеді. Сот медиациясының неміс үлгісі Германияда 2002 жылдан 2005 жылға дейін жүргізілген «Төменгі Саксониядағы Сот медиациясы» жобасы аясында қолданыла бастады. Бұл үлгінің ерекшелігі, жоғарыда айтылғандай, медиация рәсімін сот төрелігін жүзеге асырудағы негізгі қызметімен қатар, өз әріптестерінің істерін қабылдай отырып, медиациямен айналысатын судья-медиатор жүзеге асырады.

Біріктірілген медиация заң процесі шеңберінде тараптарды татуластыруға бағытталған юрисдикциялық органдардың (соттардың, нотариаттың, сот орындаушыларының және т.б.) арнайы рәсімі және қызмет нысаны ретінде қарастырылады. Біріктірілген медиация дауларды шешудің басым тәсілі ретінде тараптардың татуласуын ілгерілетуді қамтамасыз етуге тиіс.

Біріктірілген медиацияда татуласу юрисдикциялық қызметті жүзеге асыратын субъектілердің қосымша құзыреті ретінде қарастырылады. Біздің ойымызша, бұл рәсімдер әртүрлі семантикалық, құқықтық сипатқа ие. Мұндай сот бітімгершілік рәсімі сот органдарының тараптарға бітімгершілік келісім жасасуға жәрдемдесу жөніндегі қызметінен ерекшеленеді. Әрине, бұл медиация сияқты бітімгершіліктің бір түрі. Алайда мұны медиация деп атауға болмайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (АДЖК) жобасы татуластыру рәсімдерін медиация тәртібімен бітімгер-судья жүргізуді ұсынады. Алайда,

әзірлеушілер сот медиаторының құзыреттілік көлемін және оның іс жүргізу мәртебесін анықтау сияқты маңызды мәселелерді жауапсыз қалдырды, жеке және сот медиациясы арасындағы өзара іс-қимыл тетіктері пысықталмады. АІЖК жобасынан бітімгер-судья анықталмайды. Бұл мәселе бойынша екі көзқарас бар, біріншіден, жоғары білікті мамандар немесе соттың басқа қызметкерлері болып табылатын қызметтен кеткен судьялар, екіншіден, егер татуласу әрекеті сәтсіз болса, татуласудан кейін істі қарайтын қазіргі судьялар.

Алайда, бұл жағдайда бірқатар сұрақтар туындайды. Біріншіден, заңнамада судьялардың лауазымдық қызметіне, жас мөлшеріне қарай шектеу қойылған. Медиация қызметі ұзақ уақытқа жалғасып, физикалық және эмоционалды түрде көп күшті қажет етеді. Екіншіден, татуласу рәсімдерін сәтті өткізу үшін өмірлік тәжірибе мен даналық жеткіліксіз, ол үшін арнайы дағдыларды игеру қажет. Мұндай дағдыларды игеру тетіктері ұсынылмайды. Татуластырушы келіссөздер психологиясының негіздерін меңгеруі, татуластыру жөніндегі маман болуы, дауласушы тараптардың сеніміне ие болуы тиіс. Сондықтан бітімгер-судья кез-келген жағдайда әділ және объективті болып, адамгершілігі жоғары, кәсіби беделді маман болуы тиіс.

Істі қарайтын судья сот татуластығын жүргізген кезде, тараптар дәлелді өздеріне қарсы қолдануы мүмкін деген қауіптен өз дәлелдерін ашпау мәселесі туындайды. АІЖК жобасында татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде айтылған дәлелдемелерге жол бермеу туралы ешнәрсе айтылмаған. Сондықтан сот медиациясының тиімділігінің жеткіліктілігі туралы айтудың қажеті жоқ. Сондықтан судьяларға татуласу бойынша міндеттерді жүктеу тиісті нәтиже бермеуі мүмкін. Бұл ретте мұндай жағдай судьялардың да, сот қорғауына жүгінген тұлғалардың да мүдделеріне қатысы жоқ, қалыптасқан әлеуметтік және психологиялық стереотиптерге сәйкес келмейді және үлкен шығындарды қажет етеді. Судьялар дауға

қатысушыларды бұған сендіре алған кезде ғана дауды бейбіт жолмен шешудің құндылығын өздері түсінуі қажет.

Басқа елдерде өзінің тиімділігін дәлелдеген қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу рәсімі біздің қоғам үшін әлі жат, қолайсыз әдіс ретінде қабылданады. Көптеген адамдар мемлекеттік сотқа балама бар екендігіне, олардың мүдделерін тезірек және тиімдірек қанағаттандыруға болатындығына сенбейді. Сондықтан, татуластыру рәсімдері қоғам дамуының заңды нәтижесі болған кезде қабылдануы мүмкін.

ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі жобасының 194 бабы дауды медиация тәртібімен реттеуді көздейді (Досье на проект Гражданского процессуального кодекса, 2015).

1. Тараптар сот бірінші немесе апелляциялық сатыдағы сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін кез келген уақытта дауды медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхат беруге құқылы.

2. Медиация тәртібімен бітімгерлік рәсімді тараптардың келісімі бойынша бітімгер-судья немесе медиатор жүзеге асырады.

3. Бітімгер-судья медиацияны өткізу туралы өтінішхат берген кезде істі қарау тағайындалмайды, ал белгіленген сот талқылауы 10 күннен аспайтын мерзімге кейінге қалдырылады.

4. Сот ұйғарымының негізінде іс сот медиациясын өткізу күнін белгілейтін бітімгер-судьяға компьютерлік тарату арқылы беріледі. Бітімгер-судья тараптардың келісімімен немесе олардың өтінішхаты бойынша, егер олардың қатысуы сот медиациясының мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болса, басқа тұлғаларды да сот медиациясына шақыруға құқылы.

1-бөлім медиацияны тек бірінші немесе апелляциялық сатыдағы сотта қолдануды шектеу арқылы қолдану аясын тарылтады.

АІЖК жобасының 183-бабының 2-бөлігінде тараптар дауды заңға қайшы келмесе, бітімгершілік келісімін жасасу немесе өзге де бітімгерлік рәсімдерді қолдану арқылы реттей алатыны белгіленген. (Досье на проект

Гражданского процессуального кодекса, 2015) Демек, бітімгершілік келісімі дауды бейбіт жолмен шешудің жалғыз жолы емес. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы диспозитивтік сипатқа ие, бұл 1-бапта белгіленген тыйымдарды қоспағанда, медиацияны барлық жағдайларда қолдануды білдіреді (Закон «О медиации, 2011).

2-бөлімде бітімгерлік рәсімдерді бітімгер-судья немесе медиатор жүргізетіні белгіленген. 4-бөлім істі бітімгер-судьяға жіберуді компьютерлік тарту арқылы анықтайды. (Закон «О медиации», 2011) Бірақ заң шығарушы «бітімгер-судья» ұғымына нақты анықтама бермейді. Осыған байланысты, бітімгер-судья кәсіби медиатор ретінде әрекет ете ме немесе оның орнына өзге де міндеттері мен өкілеттіктері бар басқа тұлға бола ма, ол мүлдем түсініксіз. Тараптардың медиаторды таңдау құқығы бұзылғандықтан, медиация туралы қолданыстағы заңнаманы ескере отырып, бітімгер-судьяның медиатор ретінде әрекет етуі мүмкін емес көрінеді. Бүгінгі күні ресми статистика деректері бойынша Қазақстан Республикасында бір судьяға 56 іс, ал мамандандырылған соттың судьясына 130 істен келеді. Осыған орай, судьяларға медиацияны жүргізу міндетін жүктеу дұрыс емес, бұл қақтығыстарды шешу үшін қосымша уақытты, психологиялық дағдыларды ғана емес, сонымен бірге айтарлықтай эмоционалдық жүктемені де талап етеді. Өйткені, медиацияның әрбір рәсімі медиатордың бейтараптығына қарамастан, осы бейтараптылықты сақтау үшін медиатордан үлкен эмоционалды күш-жігерді талап етеді.

Егер бітімгер – судья тараптарды татуластыру қызметімен ғана шектеліп, медиатордың функцияларын толық орындамайды деп есептемесек, онда азаматтық іс-жүргізудің мұндай субъектісі де артық болып саналады, өйткені судья кәсіби қызметін жүзеге асыру шеңберінде тараптар арасында бітімгершілік келісім жасасу арқылы істі тоқтату функциясына ие. ҚР АДЖК-нің 201-бабына сәйкес, істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің талап қоюшының өзінің

талаптарын қолдайтыны не қолдамайтыны, талап қоюшының талаптарын жауапкердің мойындайтыны не мойындамайтыны және тараптардың істі татуласу келісімімен аяқтауды немесе істі төреліктің немесе аралық соттың қарауына беруді не дауды (жанжалды) медиация тәртібімен шешуді қалайтыны не қаламайтыны туралы мәселелерді анықтауынан басталады. (Досье на проект Гражданского процессуального кодекса, 2015).

Сонымен қатар, судьяның қызметіне бітімгер-судьяның қосымша өкілеттігін жүктеу медиация рәсімінің мақсатына өзгертулер алып келеді: медиацияның екі тарапына да сәйкес келетін дауды (жанжалды) шешудің нұсқасына қол жеткізу және тараптардың жанжал деңгейін төмендету. Егер бірінші мақсат әлі де іске асырылатын болса, онда психологиялық қақтығысты басқарудың болмауынан мұндай рәсім қақтығыс деңгейінің толық төмендеуіне әкелмейді. Бітімгер-судья тек қақтығыстың материалдық жағын шешуге ниетті сияқты. Медиация рәсімі тараптар арасындағы эмоционалдық қақтығысты шешуге және олардың одан әрі ынтымақтасу мүмкіндігі үшін тараптардың эмоционалдық шиеленістерін шешуге бағытталған.

Сот процесіне бітімгер-судьяны енгізуге қарсы тағы бір дәлел судьяның мәртебесі болып табылады. Судья – мемлекет сот төрелігін жүзеге асыруға уәкілеттік берген, ерекше құқықтық мәртебесі бар мемлекеттік қызметші. Судья тараптарға және басқа да қатысушыларға қатысты мемлекеттік билік өкілеттіктеріне ие. Судья тараптарға билік талаптарын қоюға құқылы, оларды тараптар бұзуға құқылы емес. Басқаша айтқанда, судьяның іске қатысушыларды өзінің заңды талаптарына бағындыруға процесік мүмкіндігі бар. Медиаторға келетін болсақ, ол дауласушы тараптардың еркіне, тараптар қабылдаған шешімге тікелей әсер етпейді, ол тараптарды татуластыру рәсімінде және оның келісім шеңберіндегі қызметінде тек бітімгер болып табылады. Ол қақтығысқа әсер етпейді, оның істі жүргізудегі ұстанымы тек көмекші сипатта болады, ал шешім қабылдауда басым рөлге тараптар ие болады. Осыған байланысты



өкілеттіктер қақтығысы туындауы мүмкін, өйткені бітімгер-судьяның сот талқылауын жүргізу мен оның шеңберіндегі өкілеттіктер мен бітімгерлік рәсімі арасындағы айырмашылықтардан және тиісінше татуластырушы судьяның өкілеттіктерінен өтуі мүмкін. Ақырында, бітімгер-судьяны іс жүргізуге енгізудің тағы бір келеңсіз жағы медиация рәсімін өткізудің уақыты мен орнын, кездесулер санын және медиацияның жалпы мерзімін айқындау кезінде қақтығыс тараптары мүмкіндіктерінің диспозициялық қағидатын қамтамасыз ету мәселесі болып табылады. Осы аспектілердің барлығы медиацияның дұрыс психологиялық климаты және тараптардың нәтижеге – қақтығысты шешу сатысына жету және медиация келісіміне қол қою сындарлы эмоционалды қатынасы үшін маңызды. Рәсім икемді үдеріс екенін естен шығармаған жөн, медиатор тараптардың келісімімен татуластыру рәсімін өткізу уақытын анықтайды (ҚР «Медиация туралы» Заңы, 18-бап).

Штаттық бітімгер-судьяның қатысуымен сот медиациясына келетін болсақ, мұнда іс жүргізудің икемділігі тұрғысынан белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін. Статистикалық деректерге сәйкес, 56-дан 130-ға дейін іс жүргізетін судья бітімгер-судьяның қызметтерін жүзеге асыруға міндетті болса, іс жүргізудің икемділігі туралы сөз қозғаудың да қажеті жоқ. Судья жүктеменің көптігіне байланысты медиация рәсімін судьяға ыңғайлы болатын уақытта тағайындайды, бұл рәсім сот аумағында жүзеге асырылады, онда қақтығыс тараптарының өз еркін білдіруі шынайы емес, ресми сипатта болады. Бұл ережелер медиацияның негізгі қағидаттарына қайшы келеді: еріктілік, медиация тараптарының теңдігі, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы, медиация рәсімінің икемділігі мен ашықтығы және т.б. Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» Заңының 11-бабы, егер медиатор-судья компьютерлік бөлу арқылы анықталған болса, медиация тараптарының медиаторды ерікті түрде таңдау құқығын, осы ұстанымдарды сақтау мүмкіндігін белгілейді. Сонымен қатар,

АІЖК-нің 246-бабының 3-бөлімінде (Досье на проект Гражданского процессуального кодекса, 2015) бітімгер-судьяның дауды шешуі үшін он күндік мерзім белгіленген. Мұндай ереже Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» Заңының 23-бабына қайшы келеді. Заң шығарушы 30 күннен 60 күнге дейінгі мерзімдерді белгілей отырып, медиацияның нәтижесі дауды шешу ғана емес, ең бастысы, қақтығысты жою екенін ескереді.

Бітімгер-судья сотпен еңбек шартын жасасады және бюджеттен жалақы алады, бұл соттардың штат кестесіне қосымша бірліктер бөлуді қажет етеді.

АІЖК жобасын әзірлеушілер дәлелдерінің бірі – бітімгер-судья медиацияны тегін жүргізеді. Алайда, халықаралық тәжірибенің бұл сұраққа өз жауабы бар. Осылай, Нидерландыда мемлекет медиацияның алғашқы сағаттарын қаржыландыруды өз мойнына алады, оны Нидерланды Әділет министрлігі тікелей медиаторға төлейді. Егер мемлекет төлеген уақыт ішінде тараптар жанжалды реттей алмаған және келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда, олар медиатормен уағдаластық бойынша келісім жасалғанға дейін оның жұмысының келесі сағаттарын өз қаражаты есебінен төлей алады, оны медиатор рәсімдейді және бітімгершілік келісім ретінде бекіту үшін сотқа береді. Егер бірінші сессиялардың нәтижелері бойынша тараптар медиация шеңберінде туындаған жанжалды реттеуге дайын емес немесе қабілетсіз екені анық болса, олар азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген әдеттегі тәртіппен оны шешу үшін сотқа қайтарылады. Бұл сот медиациясын жүргізу кезінде медиаторлардың еңбек ақысын төлеуге заңнамалық тәртіппен белгілеуге кедергі келтіреді. Әсіресе қылмыстық істер бойынша медиацияны жүргізу кезінде өзекті. Қорғаушының міндетті түрде қатысуын белгілейтін ҚР ҚІЖК-нің (Уголовно-процессуальный кодекс, 2014) 71-бабына ұқсас, адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығындар мемлекет есебінен жүзеге асырылады. Бұл мәселені ҚР «Медиация туралы» Заңына өзгерістер енгізу арқылы шешуге болады (Закон «О медиации», 2011).

2011 жылғы «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы сот органдары мен кәсіби медиаторлар ұйымдарының өзара қарым-қатынасын айқындау, міндетті сотқа дейінгі медиация мен істер санаттарын белгілеу арқылы одан әрі дамыту қисынды және орынды болатын голланд үлгісін пайдалана отырып, сот органдары мен кәсіби медиаторлардың өзара іс-қимыл тетігін ғана реттеу қажет болды. Алайда, заң шығарушы медиаторлар қызметінің дамуын болдырмайтын жолмен жүрді. ҚР АІЖК жобасы (Досье на проект Гражданского процессуального кодекса, 2015) сот медиациясының мүлдем басқа, неміс үлгісін қолданады. Сонымен, біз бір нормативтік актіде медиацияның бір үлгісін, ал басқа нормативтік актіде голланд үлгісін ұстанамыз. Бұл жағдай біздің құқықтық шынайылыққа тән. Сонымен қатар, бір жағынан, қақтығыстарды шешу ретінде жаңа әлеуметтік салада білікті маман-медиаторлардың корпусы қалыптасады, екінші жағынан, олар осы саладан шеттетіледі.

Медиацияны сот төрелігін жүзеге асыру нысандарының біріне жатқызуға болмайды, өйткені татуластыру рәсімі аясында судьялар заңға негізделген шешімдер қабылдамайды, бұзылған құқықтарды қорғауды жүзеге асырмайды, тек қақтығысқа қатысушылар өздері қабылдайтын және жеке жауапкершілікке тартылатын дауды реттеу бойынша тараптарға креативті шешімдерді іздеуге жәрдемдеседі. Осылайша, қазіргі заңнама неміс әріптестерінің үлгісін негізге ала отырып, қазақстандық судьяларға медиатор рөлін атқаруға мүмкіндік бермейді.

Осылай, сот медиациясының қазақстандық үлгісі сот үдерісі мен татуластыру рәсімі идеясын іс жүзінде іске асыратын Нидерланды және басқа да бірқатар елдерде бар сот медиациясын қолдану мен дамыту стандарттарына жақынырақ болуы тиіс. Соттар мен медиаторлардың өзара әрекеттестігінің барлық мәселелері шешілмегеніне қарамастан, бұл үлгі шынымен де сот жүйесін барынша жеңілдетуге, бюджет қаражатын үнемдеуге, қазақстандық азаматтар мен ұйымдардың көз алдында

медиацияның тартымдылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, біріктірілген тәсілді қабылдау сот жүктемесінің ұлғаюына, сот бітімгерлігі жүйесін дамытуға арналған бюджет шығыстарының артуына, сондай-ақ қазақстандық азаматтардың жаңа бастамаларға көңілі толмауына әкелуі мүмкін. Жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере отырып, қорытынды шығаруға болады деп санаймыз.

Медиация Қазақстанға келді және Қазақстан Республикасының сот-құқықтық реформасы аясындағы құралы ретінде тартылды, бірақ оның мүмкіндіктері даулар мен қақтығыстарды реттеуден әлдеқайда кең. Әлемде медиацияны қолдану тәжірибесі мұның бірден-бір дәлелі болып саналады. Медиацияның болашағы зор екенін дәлелдеу үшін, оның игі әсері тиген кейбір салаларға тоқталайық. Медиация отбасылық, туыстар арасындағы, корпоративтік, тұлғааралық, этносаралық қақтығыстарды және т.б. мәселелерді оңтайлы шешуге көмектеседі.

Медиациялық қызметпен адамдар қалауы бойынша әкімдіктің тізіліміне енгізілмей-ақ және арнайы оқытуға бармай-ақ айналыса алады. Біздің бастапқы қоғамда туындаған өмірлік мәселелерді шешуге билер кеңестері, ақсақалдар кеңестері, діни ақсақалдар бітімгер болып, татуластыру қызметінің негізін қалаған. Олар әсіресе дінаралық және этносаралық сипаттағы қақтығыстарды шешуде бітімгер қызметін атқарды. Сондықтан бітімгершілік институты (медиация) бейтарап және тәуелсіз бітімгер көмегімен қақтығысты шешу рәсімі ретінде ұсынылуы керек.

«Біздің ойымызша, этносаралық қақтығыстар мен қайшылықтарды шешуде этносаралық диалогтың тиімді нысандарын іздеу аса маңызды болып табылады. Осы мақсатта саяси және қоғамдық қозғалыстардың дамуын көтермелеу керек, өйткені олар бұқараның саяси белсенділігін дамытудың ең қолжетімді түрі ретінде әрекет етеді, бұл демократиялық дәстүрлер мен азаматтық қоғам институттарының дамымаған жағдайында ерекше маңызды болып табылады» (Батуриң, Шакиров, 2019: 344-372.)

Халықаралық тәжірибе тұрғысынан «Медиация туралы» заң қабылданғаннан кейін 2015 жылғы қаңтардан бастап осы құқықтық мәдениеттің қолданылуын көрсете отырып, ҚР Заңдарына көптеген түзетулер енгізілді. Мысалы:

1. ҚР ҚІЖК шағын және орташа ауырлықтағы қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдану мүмкіндігіне 38 сілтеме жасайды (Уголовно-процессуальный кодекс, 2014);

2. ҚР АІЖК соңғы редакциясында медиация тәртібімен істерді қарау мүмкіндігі мен шарттары туралы 35 сілтеме бар (Досье на проект Гражданского процессуального кодекса, 2015);

3. «Неке және отбасы туралы» ҚР Кодексі (Кодекс «О браке, 2011);

4. Еңбек кодексі медиаторларды келісім комиссияларына енгізуді, ал еңбек дауларын медиация тәртібімен қарауды тапсырады (Трудовой кодекс, 2015).

5. 29.12.2014 ж. ҚР Салық кодексі медиаторлардың қызметіне және медиаторлардың қызметін реттеу нормаларына 100-ден астам сілтеме жасайды (Кодекс РК. О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс, 2017).

«Конфликтология сияқты ғылымның теориялық және практикалық жетістіктерінің дамуы медиация қызметіне жоғары баға беріп, ерекше қырларын ашады. Дәл осы конфликтологияның арқасында жалпы қақтығыстардың шығу табиғаты мен оның нақты қақтығыстарға айналу ерекшеліктері туралы ғылыми түсінік едәуір кеңейтілді. Бұл өз кезегінде өмірлік қиын жағдайларды шешу барысында бітімгершілік қызметінің тарихи тәжірибесін жүйелеуге негіз болды. Ең бастысы, қақтығыстарды жағдайларға және олардың пайда болу түрлеріне жаңа, ғылыми негізделген жолдар мен әдістерін табуға кең мүмкіндіктер ашты. Қысқа уақыт ішінде тіпті өзінің сұранысы мен ұсынысы қалыптасқан бітімгерлік, татуласу қызметтерін көрсететін үлкен нарық пайда болды. Бұл өмірлік маңызды мәселелерді шешетін сот нысанына балама болды» (Батурич, 2017: 256).

## Қорытынды

Жоғарыда жасалған талдау бүгінгі таңда медиаторлардың қызметін конфликтологияның шағын бөлігі ретінде көрсетеді. Яғни, конфликт (қақтығыс) кезеңінде келіссөздер жүргізудің әдістерін қолданып, екі тарапты мәмілеге келтіретін медиатор қызметі сұранысқа ие болып отыр. Осыған орай, «Медиация туралы» Заңға қақтығыстарды мен дауларды сотқа дейінгі тәртіппен шешу барысында медиаторлардың басқа да функционалдық міндеттерді атқаруына шектеулер мен мүмкіндіктер енгізу жолдарын мұқият қарастыру қажет. Сонымен қатар, медиаторларды даярлау барысы конфликтология ғылымының контекстінде жүзеге асырылуы керек, өйткені қақтығысты басқару қақтығыстан ұтымды шығу үшін ғана емес, сонымен қатар қызмет жүйесіндегі мәселелерді шешу үшін де қолданылатын нақты конфликтологиялық тәсілдерді таңдауды талап етеді. Сондықтан, қақтығысты (жандалды) талдау тек теория бола алмайды. Конфликтологиялық зерттеу немесе талдау жанжалды жағдайды өзгерту үшін сындарлы шешім ұсынуы керек.

Қоғамдағы қатынастардың реттелуі оның дамуымен және мәдени ерекшеліктерімен байланысты. Сондықтан қақтығыстарды шешудің тәсілдері өте алуан түрлі болып келеді. Осыған сәйкес, қақтығыстардың алдын алу, басқару, реттеу, тежеу, шешу, өзгерту үшін қазақстандық конфликтологияны дамыту, конфликтология саласындағы мамандарды, медиатор-мамандарды даярлау қажет. Осы міндет жүзеге асқан кезде ғана түрлі қақтығыстардың алдын алу мен оны реттеу жолдары іс жүзінде орындалады. Мұндай технологиялар өте мұқият әзірленіп, әлі де жасалуда. Дегенмен, бұл зерттеулерде олқылықтар бар. Ол медиацияның адамшылық аспектілеріне қатысты. Бұл медиацияны жетілдіру мақсатында қабылданған медиация этикасы, медиатордың кәсіби мінез-құлық туралы кодексіне қатысты емес, қоғамның өнегелік мәдениетіне, оның

мүшелерінің сотқа дейінгі және соттан тыс татуласу мен бітімгерлікке бейімділігі немесе бейімсіздігіне қатысты айтылады. Сондықтан, бүгінгі Қазақстанға байланысты нақты тұжырым айқындалды: конфликтология институтын құру, Қазақстанның мәдени мұрасын ескере отырып, конфликтолог-мамандарды, медиаторларды даярлау.

### Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР13268927 «Қазіргі Қазақстандағы ғылым ретінде әлеуметтік конфликтологияны институттандыру мәселесі» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

### Әдебиеттер тізімі

Батурин В.С. Деятельность в контексте методологического дискурса: сб. избр. науч. тр. – Караганда: ИП «Марченко Г.Г.», 2017. – 345 с.

Батурин В.С., Шакиров С.Е. Religious Terrorism in the Context of Conflictological Discourse // Sociological Problem Special Issue. - 2019. – 2.- P. 344-372.

Директива Европейского парламента и Совета Европейского Союза. О некоторых аспектах посредничества (медиации) в гражданских и коммерческих делах: утв. 21 мая 2008 года, №2008/52/ЕС. [Электрон. ресурс] – 2008. – URL: [http://mosmediator.narod.ru/direktiva\\_200852\\_es\\_evropeiskogo\\_parlamenta\\_i\\_](http://mosmediator.narod.ru/direktiva_200852_es_evropeiskogo_parlamenta_i_). (қаралған күні: 17.01.2023).

Досье на проект Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (октябрь 2015 года). [Электрон. ресурс] – 2015. – URL: <https://online.zakon.kz/> (қаралған күні: 08.01.2023).

Дронзина Т.А. Медиация: учеб. метод. пос. – Астана, 2015. – 320 с.

Закон Республики Казахстан О медиации: принят 28 января 2011 года, №401-IV. (с изм. и доп. по состоянию на 10.2015 г.). [Электрон. ресурс] – 2011. – URL: <https://online.zakon.kz/Document/docid> (қаралған күні: 12.11.2022).

Исмагамбетова З.Н., Карабаева А.Г. Проблема идентичности и толерантности в условиях модернизации казахстанского общества // Вестник Калмыцкого университета. – 2016.- №1. – С. 98-103.

Кодекс Республики Казахстан. О браке (супружестве) и семье: принят 26 декабря 2011 года, №518-IV (с изм. и доп. по состоянию на 27.12.2019 г.). [Электрон. ресурс] – 2011. – URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31102748](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31102748) (қаралған күні: 24.12.2022).

Кодекс Республики Казахстан. О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс): принят 25 декабря 2017 года, №120-VI (с изм. и доп. по состоянию на 30.05.2020 г.). [Электрон. ресурс] – 2017. – URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=36148637](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=36148637) (қаралған күні: 19.01.2023).

Трудовой кодекс Республики Казахстан: принят 23 ноября 2015 года, №414-V (с изм. и доп. по состоянию на 13.05.2020 г.). [Электрон. ресурс] – 2015. – URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=38910832](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=38910832) (қаралған күні: 10.11.2022).

Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан: принят 4 июля 2014 года, №231-V (с изм. и доп. по состоянию на 25.05.2020 г.). [Электрон. ресурс] – 2014. – URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575852](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575852) (қаралған күні: 12.12.2022).

Шакиров С.Е. К вопросу о возрождении традиционной внесудебной практики примирения в Казахстане // Журнал социогуманитарных исследований «Аль-Фараби». №4(64), 2018. – С.56-68.

Шакиров С.Е. О развитии конфликтологии в Республики Казахстан // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. - 2018.-№ 4(66). – С. 96-108.

Шакиров С.Е. Природа проявления конфликтогенности в жизни казахстанского общества // Журнал социогуманитарных исследований «Аль-Фараби». - 2020. -№ 1 (69). – С. 108-117.

Шакиров С.Е., Дронзина Т.А. Медиация как новый фактор развития модернизации общественного сознания // Вестник КарГУ. Серия «История. Философия». -2019. -№ 1 (93)– С. 122-128.

Яркова Е.Н. Медиация и нравственная культура общества // Науч. ежегодник Ин-та философии и права Урал. отд. Рос. акад. наук. – 2018. -Т. 18.- №2. – С. 40-54.

**Сымбат Е. Шакиров, Асан А. Амангельдиев**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Конфликтология и Закон «О Медиации»**

**Аннотация.** Современные реалии в быстроменяющемся мире стущают события с конфликтным потенциалом, что непременно отражается на перспективах дальнейшего развития человечества в целом, так и в отношении отдельных государств, социальных групп. Такие явления как социальная разобщенность, расовая и этническая нетерпимость, террор, выливающиеся нередко в драматические социальные и межнациональные конфликты актуализируют необходимость развития института посредничества.

В октябре 2021 года на заседании Ассамблеи народа Казахстана Президент Касым-Жомарт Токаев отметил «необходимость активного использования возможностей общественно-правовых институтов, в частности, медиации». В качестве следующей приоритетной задачи Глава государства отметил, «что для этномедиации в наших условиях наиболее эффективным является формат профессиональных переговоров».

Январские события прошлого года обнажили ряд социальных проблем, включая разрыв между бедными и богатыми. В своем выступлении Глава государства акцентировал, что «страна изменилась, изменилось и отношение казахстанцев к власти, экономической системе и к жизни в целом. И сейчас стоит стратегическая задача глубинной трансформации всего общественного уклада».

В дискурсах современных зарубежных и отечественных экспертов чаще поднимаются вопросы о проблемах мирового развития через эскалацию социальных конфликтов. Исходя из этого, считаем важным, что реальные реформы должны способствовать удовлетворению интересов безопасности современных казахстанцев. Для этого необходимо дальнейшее формирование и систематизация института посредничества (медиации) в социокультурной жизни Казахстана.

**Ключевые слова:** медиация; медиатор; конфликты; конфликтогенность; конфликтология; примирение; примиритель; закон; судья; суд.

**Symbat Ye. Shakirov, Assan A. Amangeldiyev**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Conflictology and the Law «On Mediation»**

**Abstract.** Modern realities in a rapidly changing world are condensing events with conflict potential, which will certainly affect the prospects for the further development of mankind as a whole, as well as in relation to individual states and social groups. Such phenomena as social disunity, racial and ethnic intolerance, terror, often resulting in dramatic social and interethnic conflicts, actualize the need to develop the institution of mediation.

In October 2021, at a meeting of the Assembly of the People of Kazakhstan, President Kassym-Jomart Tokayev noted «It is necessary to actively use the capabilities of public legal institutions, in particular, mediation». As the next priority task, the Head of State noted «that for ethnomediation in our conditions the format of professional negotiators is the most effective».

The January events of last year exposed a number of social problems, including the gap between the poor and the rich. In his speech, the Head of State emphasized that «the country has changed, and the attitude of Kazakhstan to power, the economic system and life in general has also changed. And now there is a strategic task of a deep transformation of the entire social structure.

In the discourses of modern foreign and domestic experts, questions about the problems of world development through the escalation of social conflicts are more often raised. Based on this, we consider it important that real reforms should contribute to meeting the security interests of modern Kazakhstan. This requires further formation and systematization of the institution of mediation in the socio-cultural life of Kazakhstan.

**Key words:** mediation; mediator; conflicts; conflict potential; conflictology; reconciliation; conciliator; law; judge; court.

## References

Baturin V.S. Dejatel'nost' v kontekste metodologicheskogo diskursa [Activity in the context of methodological discourse]: sb. izbr. nauch. tr. (Karaganda, IP «Marchenko G.G.», 2017, 345 p.) [in Russian].

Baturin V.S., Shakirov S.E. Religious Terrorism in the Context of Conflictological Discourse. Sociological Problem Special Issue. 2019. No2. P. 344-372. [in English].

Direktiva Evropejskogo parlamenta i Soveta Evropejskogo Sojuza. O nekotoryh aspektah posrednichestva (mediacii) v grazhdanskikh i kommercheskikh delah [Directive to the European Parliament and the Council of the European Union. Some aspects of mediation (mediation) in civil and commercial matters]: utv. 21 maja 2008 goda, №2008/52/ES. Available at: [http://mosmediator.narod.ru/direktiva\\_200852\\_es\\_evropeiskogo\\_parlamenta\\_i\\_](http://mosmediator.narod.ru/direktiva_200852_es_evropeiskogo_parlamenta_i_). [in Russian]. (accessed: 17.01.2023).

Dos'e na proekt Grazhdanskogo processual'nogo kodeksa Respubliki Kazahstan (oktjabr' 2015 goda) [File on the project of the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan (October 2015)]. Available at: <https://online.zakon.kz/>. [in Russian]. (accessed: 08.01.2023).

Dronzina T.A. Mediacija [Mediation]: ucheb. metod. pos. (Astana, 2015, 320 p.). [in Russian].

Zakon Respubliki Kazahstan O mediacii: prinjat 28 janvarja 2011 goda, №401-IV. (s izm. i dop. po sostojaniju na 10.2015 g.) [Law of the Republic of Kazakhstan on mediation: adopted on January 28, 2011, No. 401-IV. (amended and supplemented as of 10.2015)]. Available at: <https://online.zakon.kz/Document/docid>. [in Russian]. (accessed: 12.11.2022).

Ismagambetova Z.N., Karabaeva A.G. Problema identichnosti i tolerantnosti v uslovijah modernizacii kazahstanskogo obshhestva [The problem of identity and tolerance in the conditions of modernization of the Kazakh society] Vestnik Kalmyckogo universiteta. 2016. No 1. P. 98-103. [in Russian].

Kodeks Respubliki Kazahstan. O brake (supruzhestve) i sem'e: prinjat 26 dekabrya 2011 goda, №518-IV (s izm. i dop. po sostojaniju na 27.12.2019 g.) [Codex Respublika Kazakhstan. On marriage and family: adopted on December 26, 2011, No. 518-IV (amended and supplemented as of December 27, 2019)]. Available at: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31102748](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31102748). [in Russian]. (accessed: 24.12.2022).

Kodeks Respubliki Kazahstan. O nalogah i drugih objazatel'nyh platezhah v bjudzhet (Nalogovyj kodeks): prinjat 25 dekabrya 2017 goda, №120-VI (s izm. i dop. po sostojaniju na 30.05.2020 g.) [Codex Respublika Kazakhstan. On taxes and other mandatory payments in the budget (Tax Code): adopted on December 25, 2017, No. 120-VI (amended and supplemented as of May 30, 2020)]. Available at: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=36148637](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=36148637). [in Russian]. (accessed: 19.01.2023).

Trudovoj kodeks Respubliki Kazahstan: prinjat 23 nojabrya 2015 goda, №414-V (s izm. i dop. po sostojaniju na 13.05.2020 g.) [Labor Code of the Republic of Kazakhstan: adopted on November 23, 2015, No. 414-V (amended and supplemented as of May 13, 2020)]. Available at: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=38910832](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=38910832). [in Russian]. (accessed: 10.11.2022).

Ugolovno-processual'nyj kodeks Respubliki Kazahstan: prinjat 4 ijulja 2014 goda, №231-V (s izm. i dop. po sostojaniju na 25.05.2020 g.) [Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan: adopted on July 4, 2014, No. 231-V (amended and supplemented as of May 25, 2020)]. Available at: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575852](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575852). [in Russian]. (accessed: 12.12.2022).

Shakirov S.E. K voprosu o vozrozhdenii tradicionnoj vnesudebnoj praktiki primirenija v Kazahstane [To the question of the revival of the traditional extrajudicial practice of conciliation in Kazakhstan]. Zhurnal sociogumanitarnyh issledovanij «Al'-Farabi». No 4(64). 2018. P.56-68. [in Russian].

Shakirov S.E. O razvitii konfliktologii v Respubliki Kazahstan [The development of conflictology in the Republic of Kazakhstan]. Vestnik KazNU. Serija filosofii, kul'turologii i politologii. No 4(66). 2018. P. 96-108. [in Russian].

Shakirov S.E. Priroda projavlenija konfliktogennosti v zhizni kazahstanskogo obshhestva [The nature of manifestation of conflict in the life of Kazakh society]. Zhurnal sociogumanitarnyh issledovanij «Al'-Farabi». No 1 (69). 2020. P. 108-117. [in Russian].

Shakirov S.E., Dronzina T.A. Mediacija kak novyj faktor razvitija modernizacii obshhestvennogo soznaniya [Mediation as a new factor in the development of modernization of public consciousness]. Vestnik KarGU. Serija «Istorija. Filosofija» [Kargu Bulletin. Philosophy Series]. No 1 (93) 2019. P. 122-128. [in Russian].

Jarkova E.N. Mediacija i npravstvennaja kul'tura obshhestva [Mediation and moral culture of society]. Nauch. ezhegodnik In-ta filosofii i prava Ural. otd. Ros. akad. nauk. 2018. Vol. 18. No 2. P. 40-54. [in Russian].

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Шакиров Сымбат Еркебаевич* – постдок, PhD-доктор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Философия кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

*Амангельдиев Асан Азимханович* – постдок, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Философия кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

*Shakirov Simbat Yerkebayevich* – Postdoc, PhD-Doctor, senior lecturer of the Department of Philosophy of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Amangeldiev Assan Azimkhanovich* – Postdoc, senior lecturer of the Department of Philosophy of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.